

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2025 жыл 1 апта

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы 4 ма

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау

Өзіне-өзі қызмет көрсету

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.09.2025ж	Сейсенбі 02.09.2025 ж	Сәрсенбі 03.09.2025ж	Бейсенбі 04.09.2025ж	Жұма 05.09.2025ж
Балаларды қабылдау	<p>Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)</p>				
	<p>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі</p>				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	<p>Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру</p>				

	<p>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі тандауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.</p>				
<p>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары</p>		<p>Қаржылық сауаттылық «Қазына салынған қорап» Тәрбиеші ойыншық қорапқа «ақша» ретінде түрлі-түсті дөңгелектер салады. Балалар кезекпен бір-бір дөңгелек алып, түстерін атап айтады. Мақсаты: Ақша заттың белгісі екенін түсіну, түстерді ажырату.</p>	<p>Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы «Ортақ ойыншық» Ортасына бір әдемі ойыншық қойылады. Балалар кезекпен ойнап көреді. Тәрбиеші: «Кезек күту керек» деп түсіндіреді. Мақсаты: Кезекпен ойнауды, ортақ затқа құрметпен қарауды үйрету.</p>	<p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Арқан тарту» (жеңілдетілген түрі) Балалар екі жаққа бөлініп, жұмсақ арқанды ұстайды. Бір-бірін тартады. Тәрбиеші «Алға! Артқа!» деп көмектеседі. Мақсаты: Бірлікке, күшті жұмсауға, топтық ойынға баулу.</p>	<p>Адалдық әліппесі «Менікін тап» Тәрбиеші ойыншықтарды араластырып қояды. Әр бала өз ойыншығын тануы керек. Тәрбиеші сұрайды: «Бұл сенікі ме?». Бала «иә» не «жоқ» деп жауап береді. Мақсаты: Өзіндік затты дұрыс иеленуге, шындықты айтуға үйрету.</p>

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</p>				
<p>Кестеге сәйкес ҮІӘ</p>	<p>Дене тәрбиесі «Жүргенді жақсы көремін» ЖДЖ: Қолды жоғары, алға, жанға көтеру, түсіру. Саусақтарды ашып-жұму. Негізгі қимыл: Бірқал</p>	<p>Музыка «Домбыра үні» Мақсаты: Балаларды ұлттық аспап – домбырамен таныстыру; Әуенге еліктеп әндету, қарапайым ырғақтық қимылдар жасау. Әрекет барысы:</p>	<p>Дене тәрбиесі «Жүгіргенді ұнатамыз» ЖДЖ: Қолды созып, алдына апару, шапалақтау. Негізгі қимыл: Жүгіру (бірқалыпты, шашырап). Ұлттық ойын: «Қуыр-қуыр</p>	<p>Дене тәрбиесі «Кедергіден өтеміз» ЖДЖ: Қолды жоғары көтеріп, басынан асыра шапалақтау. Негізгі қимыл: Жолақ үстімен жүру, кедергіден аттап өту.</p>	

		ажырату Құрастыру – Құрылыс материалдары нан «Балабақша ғимараты» құрастыру			
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	Қыркүйек айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа		Сурет салу – «Менің балабақшам» суретін салу Мүсіндеу –	Сурет салу – «Менің достарым» суретін салу Мүсіндеу – Ермексаздан	Сурет салу – «Менің сүйікті бұрышым» Мүсіндеу – Ермексаздан шкаф, кереует	Сурет салу – «Балабақшадағы еңбек» суреті Мүсіндеу – Ас үй құралдарын жасау

<p>және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>		<p>Ермексаздан үстел мен орындық жасау Жапсыру – «Балабақша терезесі» бейнесін жапсыру Қоршаған әлеммен таныстыру – Балабақша ауласын қарастыру (ағаштар, гүлдер, ойын алаңы) Еңбекке баулу – Ойыншықтарды жинастыру Адамгершілік-патриоттық тәрбие – Амандасу, қоштасу</p>	<p>қуыршақ жасау Жапсыру – Түрлі түсті пішіндерден «Достар шеңбері» Қоршаған әлеммен таныстыру – Достардың бірге ойнаған сәтін табиғатпен байланыстыру (гүлдер, құстар) Еңбекке баулу – Құрдасына құрал-жабдық беріп көмектесу Адамгершілік-патриоттық тәрбие – «Көмектескенге рақмет де» әдетін қалыптастыру Қимыл-қозғалыс – «Достар қол ұстасып» ойыны</p>	<p>Жапсыру – Топ бөлмесіндегі заттарды бейнелеу Қоршаған әлеммен таныстыру – «Біздің топ бөлmemіз» (өсімдіктер, кітап бұрышы) Еңбекке баулу – Үстелді сұрту, ойыншықты орнына қою Адамгершілік-патриоттық тәрбие – «Ортақ затты бүлдірме» Қимыл-қозғалыс – «Үйшікті тап» ойыны</p>	<p>Жапсыру – «Еңбек құралдары» бейнесін жапсыру Қоршаған әлеммен таныстыру – «Балабақшадағы еңбектің пайдасы» Еңбекке баулу – Үстелді жинау, аула сыпыруға көмектесу Адамгершілік-патриоттық тәрбие – «Әр еңбекті сыйла» Қимыл-қозғалыс – «Жұмысшылар» ойыны</p>
--	--	---	---	---	---

		әдебін үйрету Қимыл-қозғалыс – «Балабақшаға барамыз» ойыны			
Балалармен жеке жұмыс		Жеке баламен жұмыс: Міндеті: сөздерді дұрыс айтуды үйрету	Жеке баламен жұмыс: Міндеті: Өлең, тақпақтар жаттату	Жеке баламен жұмыс: Міндеті: Балалармен қарым -қатынаста болуын дағдыландыру	Жеке баламен жұмыс: Міндеті Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен		«Кім тез?» Мақсаты: Жүгіру	«Қарлығаштар ұясына» Мақсаты: Тепе-	«Кім қырағы?» Мақсаты: Зейінің, байқампаздығын	«Аңшылар мен қояндар» Мақсаты: Жылдам

	жылдамдығын, шапшандықты дамыту. Шарты: Балалар сызық бойымен немесе конустар арасымен жүгіріп өтеді. Кім бірінші келеді, сол жеңімпаз.	теңдікті, үйлесімді қимылды жетілдіру. Шарты: «Ұя» ретінде шеңберлер қойылады. Балалар «қарлығаш» болып алаңда ұшады, белгі берілгенде ұясына жиналады.	арттыру. Шарты: Тәрбиеші түстерді немесе заттарды атайды, балалар сол түсті немесе затты алаңнан тауып көрсетеді.	дық пен ептілікті дамыту. Шарты: Бірнеше бала «аңшы», қалғандары «қоян». Аңшылар қояндарды ұстайды.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).			
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Күні бойы жасаған еңбегін мақтап, «сенің қолыңнан бәрі келеді» деңіз. Бүгінгі бақшадағы қызықтары туралы әңгімелесіп, сұрақ қойыңыз.			